

С. Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии - новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 летию С. Сейфуллина. - 2019. - Т.1, Ч.1 - Б.82-85

«ТҰЛПАР» АТ СПОРТЫ КЛУБЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Сембаева Г. С., Султанов Ө. С.

Мақалада «Тұлпар» ат спорты клубындағы жалпы жылқылардың дене бітімі мен сыртқы түрі, олардың спортқа деген қабілеттілігі және ерекшеліктері келтірілген. Зерттеу нысаны ретінде Нұр-Сұлтан қаласының Көктал ықшам ауданында орналасқан «Тұлпар» ат спорты клубындағы жылқылар алынды. «Тұлпар» ат спорты клубындағы жылқыларға кешенді түрде тәжірибе жұмыстары жүргізілді. Барлық атқарылған іс-шаралар «Тұлпар» ат спорты клубындағы қалыптасқан ережелер тәртібіне сай жүргізілді.

Кіріспе

Елімізде таралу аймағы бойынша және әр ұлт пен халықтың ауыл шаруашылық жұмысына немесе өнімі үшін тебіндегі табиғи жайылымда бағып өсірілетін жылқыларды өз кезегінде үш топқа бөледі: тебіндік – далалық жылқылар (қазақ, мұғалжар, башқұрт, бурят, монғол, хакас, забайкал және т.б.), таулық жылқылар (алтай, қырғыз, лоқай, қарабах, ойрат, тува, тушин, мегрел, гуцул және т.б.), ормандық жылқылар (тавды, вят, печор, якут, мезен және т.б.). осы аталған жылқы түрлері ас спорты сайыстарының барлығына да пайдалануға болады. [1]

Бәйге, не болмаса, басқа ат жарысына қатысатын жылқы тым семіз болмауы керек. Оларды «жаратылған», дайындық күйінде ұстайды. Кейбіреулер оны «іші тартылған», «бұлшық еттері бұлтылдап, ойнап тұр» деп айтады. Жаратылған жылқыда ешқандай май болмайды. Жай адам оған қарап тұрып, мына жылқыға тегінде тамақ бермейтін шығар, деген ойда болады.

Ипподромда, не бомаса, жай жерде бәйгеге түсетін аттарды азықтанғанда олардың керегінше азықпен бірге протеин, минералды заттарды, витаминдерді алып, өзінің күшін арттыруға, қашанда бабында блуына, және табиғат берген қасиеттерін арттыруына көмек етуі керек. Жылқы малын үнемі бабында ұстау үшін әр уақытта мына тәртіпті ұстау қажет : ол не семіз, не арық болмауы керек. Осы екі кондиция арасында ұстай білсе, онда жылқы бабында саналады. [2]

Спорт тұқымын өсіру тәжірибесі асқан жүйріктікті ірілікпен үйлестірудің айтарлықтай қиын екенін ккрсетеді, өйткені бұл белгілер

арасында теріс корреляция жиі байқалады. Сондықтан корреляциялық байланыстарды зерттеу селекциялық үдеріске пайдалану үшін өсірілген төлдің құндылығы жайлы ғылыми негізделген дәлел береді. [3]


Зерттеу әдістері

«Тұлпар» АСК жүргізілген тәжірибе 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап алынған мәліметтерді қамтыды. Жүргізген зерттеу жұмысымызда «Тұлпар» ат спорты кешеніндегі желісті жылқы тұқымдардың зоотехникалық сипаттамасымен, азықтандыру ерекшеліктері, спортқа дайындау технологиясымен таныстық.

Ең алдымен, жылқы тұқымдарын зерттегенде олардың шығарылған жері мен тарихын, ауа-райы мен қоршаған ортаның табиғи жағдайы, өсіру, азықтандыруы және баптау ерекшеліктері жан-жақты ескерілуі керек. Содан кейін ғана барып, шығарылған тұқымның бағыты, негізгі типі, мінез-құлқы, жылдамдығы мен төзімділігі, салмағы мен жүк көтерімі, өсу мен көбею ерекшеліктері, сыртқы орта жағдайларына талғампаздығы, зоотехникалық сипаттамасын толықтыратын көрсеткіштері ескеріледі. Тұқымның шаруашылық маңыздылығы оның басының санымен, жүргізіліп отырған асылдандыру ісінің деңгейімен, тұқым арасындағы чемпиондармен рекордшылар санымен айғақталады.

«Тұлпар» ат спорты клубындағы жалпы мал басын проценттік жүйемен, диаграмма түрінде көрсететін болсақ:

1 сызбанұсқа - «Тұлпар» АСК жылқыларының тұқымдық құрамы



Берілген диаграмма бойынша «Тұлпар» АСК жалпы жылқы басын 100% - деп алғанда, салт міністі – 33% , желісті жылқы – 42% , тұқымсыз жылқы – 19%, салт міністі әрі жегілетін жылқы – 6% құрады.

Зерттеу нәтижелері

«Тұлпар» ат спорты клубындағы желісті жылқы тұқымдарының зоотехникалық сипаттамасын беру.

Жалпы жылқылардың зоотехникалық қасиеттеріне: жылқының тұқымы, өсірілетін аймағы, негзгі түр-түсі, жылқы малынан алынатын негізгі дене өлшемдері (шоқтығының биіктігі, тұлғасының қиғаш ұзындығы, кеуде орамы, жіліншік орамы), салмағы, өсіру мақсаты және таралу аймағы жатады.

Желісті жылқылар жергілікті жылқының сапасын жақсартуға қолданылады. Желісті жылқы жана жердің ауа райына, әр түрлі өзгешеліктеріне тез көндігеді, ыстық-суыққа шыдамды келеді. Оның айғырлары үйірге салуға, қолдан ұрықтандыруға ойдағыдай пайдаланылады. Тұқымы жақсартылмаған жергілікті жылқылар мен желісті айғырларды будандастырса одан туған құлындар ірі, сымбатты әсіресе желісті болып туады. Оларды арбаға жегуге де, салт мінуге де болады.

Желісті жылқы тұқымдарына: Орловтың желісті жылқысы, Орыстың желісті жылқысы, Фриз тұқымы, Деле-гудбранальск жылқысы, Американ стандартбред жылқысы, Хакнэ жылқы тұқымдары жатады.

«Тұлпар» ат спорты клубында 20 бас желісті жылқы тұқымдары өсіріледі. Оның ішінде Орлов желісті жылқыларының сипаттамасы төмендегі кестеде көрсетілді.

1 кесте - «Тұлпар» АСК Орлов желісті жылқыларының сипаттамасы

	Жылқы аты	Туған күні	Түсі	Тұқымы
№	2	3	4	5
1	Кашмир	1999	қара	Орлов желісті
2	Орион	2002	қара	Орлов желісті
3	Ливень	2010	торы	Орлов желісті
4	Апельсин	2010	қара	Орлов желісті
5	Лексус	-	-	Орлов желісті
6	Ламбада	2010	торы	Орлов желісті
7	Памир	2012	қара	Орлов желісті
8	Джафар	2009	қара	Орлов желісті
9	Ахилес	2012	сұр	Орлов желісті
10	Герей	2011	қара-кер	Орлов желісті
11	Феррари	2017	жирен	Орлов желісіт
12	Кабул	2013	сұр	Орлов желісті
13	Ансар	2016	қара	Орлов желісті

20желісті жылқы тұқымының ішінде 13 жылқы яғни, 75% Орлов желісті жылқы тұқымы

Қорытынды. Нұр-Сұлтан қаласының Көктал ықшам ауданында орналасқан «Тұлпар» ат спорты клубындағыспорттық жылқылардың дене бітімі мен сыртқы түрі, олардың спортқа деген қабілеттілігі және ерекшеліктері тұрақты

түрде бақыланды. «Тұлпар» ат спорты клубындағы жылқыларың түр-түсі мен туылған күні және ол жердегі жылқылар қандай тұқымға жататыны туралы мәліметтер жинақталған кесте арқылы сипатталды. Ол кестеде 20желісті жылқы тұқымының ішінде 13 жылқы яғни, 75% Орлов желісті жылқы тұқымы екенін аңғаруға болады.

«Тұлпар» ат спорты клубындағы жалпы мал басын проценттік жүйе арқылы жүргізілген сараптама нәтижесі «Тұлпар» АСК жалпы жылқы басын 100% - деп алғанда, салт міністі – 33% , желісті жылқы – 42 % , тұқымсыз жылқы – 19% , салт міністі әрі жегілетін жылқы – 6%-ды құрады

Әдебиеттер тізімі

1. Бегімбетова Г., Исхан Қ. Ат спорты / Оқулық. - «Нур-Принт», Алматы, - 2013. – Б. 88-89.
2. Арын Е.М., Алмішев У.Х., Бексеитов Т.К. Қазақстандағы ат спортының дамуы. / Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дауір», 2011. – Б. 133.
3. Шемаркин Е.И. Изучение наследуемости и корреляций селекционируемых признаков в чистокровной арабской породе: В кн.: Пути повышения племенных, спортивных, рабочих и продуктивных качеств лошадей: Св.науч.тр. ВНИИ коневодства. – М., 1992. – Б. 56-65.